

**"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны базасында бірыңғай есепке алу орталығын құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 желтоқсандағы N 1285 Қаулысы "Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1359 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны базасында бірыңғай есепке алу орталығын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2005 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1285 қаулысымен бекітілген

**"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны базасында бірыңғай есепке алу орталығын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

р/с N	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауапты	Орындалу мерзімі	Болжалды шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыруды көздері
1	2	3	4	5	6	7
	Міндетті зейнетақы жарналарын салушылардың (алушылардың)					

1.	электрондық дерекқорын құру үшін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына жинақтаушы зейнетақы қорлары ұсынатын міндетті зейнетақы жарналарын салушылар (алушылар) жөніндегі деректер форматын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЗТМО, Қ Қ А (келісім бойынша)	2006 жылғы қаңтар	Талап етілмейді	-
2.	Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде төлемдерді оңтайландыру жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін техникалық тапсырманы әзірлеу	Вице-министрдің техникалық тапсырманы бекітуі	Еңбекмині, ЗТМО	2006 жылғы қаңтар	Талап етілмейді	
3.	Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және жинақтаушы зейнетақы жүйесінде төлемдерді оңтайландыруды іске асыру үшін қажетті техникалық құралдарды сатып алу	Қабылдау актісін жасау	Еңбекмині, ЗТМО	2006 жылғы қаңтар	152000 мың теңге	Республикалық бюджет
4.	Жинақтаушы зейнетақы қорларының "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына міндетті зейнетақы жарналарын салушылардың (алушылардың) электрондық дерекқорын беруі	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині, ЗТМО, Қ Қ А (келісім бойынша), ЖЗҚ	2006 жылғы ақпан	80000 мың теңге	Республикалық бюджет
	Жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі төлемдерді оңтай-					

5.	ландыруды іске асыру үшін қажет әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, техникалық құралдарды орнату және пайдалануға қосу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Еңбекмині, ЗТМО	2006 жылғы ақпан	18000 мың теңге	Республикалық бюджет
6.	Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы құпиясын қамтамасыз ету, сондай-ақ зейнетақы жинақтарының құпиясын құрайтын мәліметтердің сақталуы жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Еңбекмині, ҚҚА (келісім бойынша)	2006 жылғы маусым	Талап етілмейді	-

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

ЗТМО - "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖЗҚ - Жинақтаушы зейнетақы қорлары